

А.А. Әбсадық\* , М. Мұратқызы 

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,

Қостанай, Қазақстан  
(E-mail: absalmas@mail.ru)

### «Ақсақ құлан – Жошы хан» аңызы: тарихилығы, көркемдігі және дәстүр сабақтастығы\*

**Аңдатпа.** Қазақ фольклорының тарихи хронологиялық кезеңдерінің бірі – Шыңғыс хан дәуірі. Шыңғыс хан заманынан нәр алатын фольклорлық мұраның қалың көмбесі ел арасында сақталып жеткен. Соның бірі – қазақ фольклорында өлең-жыр, күй аңызы, топонимикалық әпсаналар мазмұнында кездесетін «Ақсақ құлан–Жошы хан» аңызы.

Аңыздың тарихи негізі Шыңғыс ханның өмірінде орын алған оқиғадан туындаған. Жошы өмірде әкесінен бұрын жұмбақ жағдайда қайтыс болады. Оның өлімі туралы әңгімелер сол заманның өзінде-ақ аңыздалып, Шыңғыс хан тарихы жазылған орта ғасырлық парсы-түркілік нарративтік туындыларға түседі. Сондай туындылардың қатарына авторы беймәлім «Шаджарат аль-атрак» жазбасына тіркелген аңыздық нұсқаны атауға болады. Онда қайғылы қазаны ханға жеткізуші – Ұлық Жыршы. Ал қазақ арасындағы аңыздық нұсқалар ХІХ ғасырда Ш.Уәлиханов, Мәшһүр Жүсіп, ХХ ғасырдың басында Отыншы Әлжанов сынды белгілі фольклор жинаушылардың жазбаларына тіркелген. Аңыздың орта ғасырдағы түркілік варианты мен кейінгі қазақ арасындағы нұсқаларды салыстыра зерттеу – бүгінгі фольклортанудың өзекті мәселелердің бірі.

Көне түркілік және қазақ фольклорындағы Жошы ханның өлімі туралы жыр-аңыз негізінен аңшылық үстінде орын алған оқиғаның мән-жайын нақты баяндауға құрылмаған, тағдырдың жазғанына мойынұсынуды ғибрат етуте бағытталған. Мұнда болған оқиғаның жай-жапсарын жеткізуден гөрі, Шыңғыстың қатал мінезін сынау және өнер иесінің құдіретін асқатату сарындары орын алған. Бір сөзбен айтқанда, абсолюттік билік иесі ханды қарапайым өнер иесінің тапқырлықпен тосылдыру – билік тұтқасын ұстаған кісілер халықпен санасуы тиіс деген саяси танымға арқау болған халықтың аңсары. Мақалада осы аталған мәселелер талданып, тиісті қорытындылар жасалған.

**Түйін сөздер:** Шыңғыс хан, Жошы, ғұрып, фольклор, аңыз

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-167-178>

Түсті: 26.02.2024; Жөнделді: 16.04.2024; Мақұлданды: 19.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

#### Кіріспе

Қазақ тарихи фольклорының нәр татар көзі, бастау алар түп-гамыры көне түркі заманының сан қатпарлы тарихи кезеңдеріне бойлайды. Сондай қатпарлы, қыртысты, қаспақты тарихи кезеңнің бірі – Шыңғыс хан дәуірі. Қазақтың рухани мұрасында аталған дәуірдің есі және елесінен хабар беретін тарихи аңыздардың мол мұрасы бар. Соның бірі – Жошы ханның өлімі туралы көп нұсқалы аңыз.

\* хат-хабар үшін автор

Аңыздың қағаз бетіне түсуіне тоқталсақ, ортағасырлық түркі тіліндегі жазба ескерткіштерінен басталып, ХІХ ғасырда Ш.Уәлиханов, Мәшһүр Жүсіп, Отыншы Әлжанов сынды фольклор жинаушылардың жазбаларына тіркелді. Ортағасырлық мұра мен қазақ фольклорындағы «Ақсақ құлан – Жошы хан» аңыздық әңгімелерді салыстыра отырып зерделеу – өзекті мәселенің бірі. «Ақсақ құлан – Жошы хан» аңыздық әңгімелерінің ішінде тарихилығы мен көркемдік тұрғыдан айрықша ерекшеленетін екі нұсқа бар. Бірі – жыр-аңыз үлгісіндегі мазмұн, енді бірі – күй аңызы. Бірінде сөз өнерінің қадір-қасиеті алдыңғы орынға шықса, екіншісінде күй өнерінің құдіреті ардақталады.

Аңыздың халық арасына кең тараған атауы – «Ақсақ құлан – Жошы хан». Оның жыр және күй аңызы үлгісінде, сондай-ақ топонимикалық әпсана мазмұнындағы түрлері кездеседі. Жыр-аңыздарында тарихи оқиғаның жаңғырығынан туындап, уақыт өте келе ғұрыптық фольклор шеңберінде туындаған көркемдік белгілер мен көне мифологиялық түсініктер көрінісі, халықтық өнердің мән-маңызы турасындағы эстетикалық көзқарасы орын алған.

Ақсақ құлан – Жошы хан туралы қазақ аңызының тарихи негіздері мен көркемдік белгілері Ә. Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М. Мағауин, С. Қасқабасов, А. Сейдімбек, А.Әбсадық сынды фольклоршы ғалымдардың еңбектерінде талданады. Зерттеушілердің пайымдауынша, қазақ аңыздарының тарихи негіздері айқын, көркемдік белгілері мен кейіпкер образдары фольклорлық шығармаға тән сипатта суреттелген.

Аңыздың көркемдік айшықтары мен дәстүр сабақтастығы Қазақ хандығында өмір сүрген жыршы-жыраулардың бейнелерінде жалғасын табады. Қазақ хандығы тұсында ерекше дамыған жыраулық поэзияда билік иесіне туған баласының немесе сүйікті батырының қайтыс болуын жеткізу атақты жыршы-жырауларға жүктеліп, олар оны түспалдап, емеурінмен жеткізіп отырады.

### Әдіснама

Мақала көлеміндегі зерттеу «Ақсақ құлан-Жошы хан» аңызының орта ғасырлық түркілік «Шаджарат аль-атрак» («Түрік шежіресі») нарративтік туындыдағы нұсқасымен салыстыра отырып, қазақ аңызының тарихи негіздері мен көркемдік белгісінің ерекшеліктерін ашуға бағытталған. Бұл орайда мынадай тезис ұсынылады: қазақ аңызы орта ғасырлық түркілік нарративтік туындыдағы нұсқадан нәр алады және оны халықтың өнер құдіретіне қатысты эстетикалық танымына, көне мифологиялық түсінігіне негізделген фольклорлық мазмұнмен өрнектейді. Соның нәтижесінде көп нұсқалы фольклорлық туынды дүниеге келген. Оның тарихи негіздері мен көркемдік ерекшеліктерін ашу үшін зерттеуге фольклортану ғылымындағы жалпытеориялық методологиялық әдістер пайдаланып, дәйектер мен іргелі зерттеулерге сипаттама жасалады. Сонымен қатар дерек көздерін талдау, фольклорлық материалдар мен тарихи деректерді тарихи-салыстырмалы тәсілмен зерделеу әдістері де қолданылады.

### Нәтижелер мен талқылау

«Ақсақ құлан – Жошы хан» туралы ортағасырлық аңыз бен қазақ аңыздарының сюжеттік желісі аң аулап жүріп оқыс оқиғадан қайтыс болған Жошының өлімін ханға естіртуге құрылған. Қазақ арасында жыр-аңыз үлгісінде айтылатын нұсқа 1897 жылы «Дала уалаятының газетіне» «Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз» деген атаумен жарық көрді. Ол орта ғасырда жазбаға түскен, авторы беймәлім түркілік «Шаджарат аль-атрак» («Түрік шежіресі») деген тарихи-шежірелік туындымен мазмұндас. Айырмашылығы – аңыздың кейіпкерлерінің есімдері әртүрлі.

«Шаджарат аль-атрак»-тың мазмұнында, шығыстанушы В. Тизенгаузеннің пайымынша, ХҮ ғасырдың орта шенінен кейін жазылған [1, 203]. Жошы туралы жаман хабар жеткізген кісіні жазалаймын деген Шыңғыстың бұйрығынан қаймыққан хан маңындағы кісілер қайғылы қазаны жеткізуге батылдары бармай, оны хан алдында беделі бар атақты әмірлердің бірі Ұлық Жыршыға жүктейді. Хан Ұлық Жыршыға «жыр айт» деп бұйрық

берген кезде, ол Жошының өлімін қоршаған дүние құбылысын жұмбақтай отырып, қазаны тұспалдап естіртеді. Бұл мазмұн тарихи-шежірелік туындыда бұл былайша сипатталады: «...В то время когда известие о смерти Джучи-хана пришло в орду, никто не мог сообщить это Чингиз-хану. В конце концов все эмиры решили, что Улуг-Джирчи, который был приближенным и одним из великих эмиров, сообщит об этом, когда получит приказание о джире. Затем Улуг-Джирчи, когда Чингиз-хан отдал приказание о джире, найдя время удобным, сказал тюркский джир:

Тенгиз баштын булганды ким тондурур, а ханым?

Терек тубтын джыгалды ким тургузур, а ханым?

Чингиз-хан в ответ Джирчи сказал тюркский джир:

Тенгиз баштын булганса тондурур олум Джучи дур,

Терек тубтын джыгылса тургузур олум Джучи дур.

Смысл слов Джирчи был таков: «Море до основания загрязнилось, кто (его) очистит, о царь мой? Белый тополь покатылся с основания, кто (его) поставит, о царь мой?». В ответ Чингиз-хан говорит Джирчи: «Если море загрязнилось до основания, тот, кто очистит (его), - сын мой Джучи; если ствол белого тополя покатылся с основания, тот, кто поставит, - сын мой Джучи!». Когда Улуг-Джирчи повторил свои слова, слезы потекли из его глаз.

Чингиз-хан сказал тюркский джир:

Козунг йашын чокуртур конглунг голды балгаймы?

Джиринг конгуль бкуртур Джучи ольди болгаймы?

В ответ Чингиз-хану Джирчи сказал тюркский джир:

Сойлемекке эрким йок сен сойлединг, а ханым!

Оз йарлыгынг озге джаб айу ойлединг, а ханым!

Когда Джирчи повторял свой джир и при этом слезы стали видны на (его) глазах, Чингиз-хан говорит: «Твой глаз проливает слезы, разве сердце твое наполнилось? Речь твоя заставляет рыдать сердце, разве Джучи умер?».

Так как в то время вышло повеление Чингиз-хана, что каждый, кто скажет слово о смерти Джучи, подвергается наказанию Чингиз-хана, то вследствие этого Джирчи в ответ Чингиз-хану говорит: «Говорит об этом не имею силы и воли, ты сам сказал, о царь мой, указ твой над тобой самим пусть будет, ты хорошо подумал, о царь мой, так как это - так».

Тогда Чингиз-хан сказал тюркский джир:

Кулун алган куландай кулунумдин айрылдым,

Айрылышкан анкаудай эр олумдин айрылдым,

то есть: «Подобно лосю, которого на охоте гонят, чтобы убить, сам он убегает, а детеныш его остается, также я отделился от своего ребенка и подобно простаку, который из-за простоты попал в среду врагов в расчете на дружбу и отделился от спутников, так я отделился от мужественного сына моего». Когда от Чингиз-хана изошли такие слова, все эмиры и нойоны встали, выполнили обычай соболезнования и стали причитать» [1, 203-204].

В.Тизенгаузеннің жинағына енген аңыздық мәтінмен мұқият танысқанда, Шыңғыс сүйікті ұлының қайтыс болғанда үлкен опық жегендігі байқалады. Оны жырдың шумағындағы «Кулун алган куландай кулунумдин айрылдым // Айрылышкан анкаудай эр олумдин айрылдым» деген жолдарда көрініс тапқан.

«Айрылышкан анкаудай» деген жыр жолдарында «жаудың арандату, қаңқу сөзіне сенген аңқау кісідей аңырап қалдым», яғни, қазіргі ұғыммен айтсақ, интрига құрбаны болдым деген мағына жатыр. Мұны шағатай тілінен орысшаға аударған шығыстанушылар дәл аңғарған: «также я отделился от своего ребенка и подобно простаку, который из-за простоты попал в среду врагов в расчете на дружбу и отделился от спутников, так я отделился от мужественного сына моего» [1, 204].

Осы орайда, шығыстық нарративтік туындылардың бір ерекшелігі – тарихи шындықты астарлап жеткізу екендігін айта кетуіміз қажет. «Түрік шежіресі» Шыңғыс хан Жошының тегі туралы жаланы жалындатқан Шағатай мен Үгедейдің арандатуларына

сеніп қалғандығын бадырайтып айтпай, тігісін жатқызып жеткізеді. Оймыз түсінікті болу үшін сол шығармадан мысал келтірейік. «А авторы достоверных историй говорят, что той причине, что жалость и милость Чингиз-хана по отношению к Джучи была на грани гибели (?) и крайность любви переходила за рубеж умеренности (?), то из жадности и зависти Чакаатай и Угетай на том упреке построили великую клевету; вследствие вышеизложенного, между Джучи и его братьями, то есть Чакаатаем и Угетаем, не было искренности». [1, 203].

Шыңғыстың Бөртеден туған төрт ұлының арасында тақ мұрагерлігіне талас болғандығы тарихтан белгілі. Түркі халықтарының дуалистік көне дүниетанымы негізінде ханның үлкен ұлы тақ мұрагері, ал кіші ұл отбасының, яғни шаңырақтың иесі болатын салт қалыптасты. Бұған нақты тарихи мысалды Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен анық көруге болады. Онда Елтеріш қағанның кіші ұлы Күлтегін әскери төңкеріс жасап Қапаған қағанның балаларынан әкеден қалған тақты қайтарып алғанда, оған өзі отырмай ағасы Могилянды «Білге қаған» деген лақаппен отырғызады. Себебі мұрагерлік құқық бойынша Күлтегінге кіші ұл ретінде тақ бұйырмайтын. Кіші бала – отбасының иесі. Сондықтан оның киесі – Ұмай ана. Руналық жазудағы: «Он яшда Умай тег өгім қатун құтына інім Күлтегін ер ат болты» (Он жаста інім, Ұмай қатын құты қолдап, Күлтегін ер есімін алды) [2, 53], - дейтін жыр жолдары – кенже ұл кімнің қамқорында болатынын аңғартса керек.

Бұл орайда «Күлтегін» сөзінің этимологиясы «отбасының иесі» (күл-отбасы, ошақ+тегін – ұл, мұрагер) дегенге саятынын [3, 43], ал бұл өз кезегінде «кіші, кенже ұл» деген мағына беретінін естен шығармауымыз керек. Күлтегін - Елтеріс қағанның кіші ұлы, яғни әкенің отына (отбасына) ие болып қалатын кенже ұлы. Ал Ұмай – отбасының қорғаушысы, тылсым күш иесі. Көне мәтіндегі «Умай тег өгім қатун құтына» деген тіркесті «Ұмай қатынның ишараты, бұйрығы» деп түсіну қажет [4, 3241–3255].

Жошы Шыңғыстың тұңғышы ретінде тақ иелігіне бірден-бір хақысы бар мұрагер еді. Бірақ оның таққа отыруына туған бауырлары Шағатай мен Үгедей «меркіт оқиғасын» көлденең тартып, кедергі келтірді. Түркі-моңғол жазба деректерінде «меркіт оқиғасы» былай баяндалады: Жошы шешенің құрсағында жатқанда меркіттер Шыңғыстың ауылын шауып, баяғы Есукей батырдың меркіттен тартып алған Олуэнмен кеткен кектің қарымтасы ретінде Бөртені олжалап, тұтқынға алып кетеді [5, 49]. Темучин оны Керей жұртының билеушісі Оң ханның көмегімен құтқарып алып келе жатқанда, Жошы дүниеге келеді. Жолшыбай туғандықтан оны «Жолшы» деп атайды. «Өсе келе ол әкесінің айырылмайтын серігі әрі кеңесшісі, оның бақыты мен қайғысының өзегі болды» [1, 40]. Түркі деректерінде жаңа туған нәрестеге Шыңғыс хан «қонақ» деген мағынаны білдіретін «Жошы» деген есім беріпті деп баяндалады [6, 113].

Тарихи-шежіредегі «оның бақытының өзегі болды» деген ақпарат – Жошының жеңісті жорықтары, батырлығы мен батылдығы болса, ал «қайғысының өзегі болды» дегенді – шешенің құрсағында жатқан кезде Жошының меркіт қолында болуы бауырлары тарапынан бетіне салық болып айыпталуы, әке мен бала арасындағы келіспеушілік және оның мезгілсіз ерте қайтыс болғандығын мезгейді деп танығанмыз дұрыс болады.

Тарихшылардың пайымдауынша, моңғолдар мен меркіттердің жауластығы ұзақ жылдарға созылып, Моңғолиядағы Селенга өзенінің бойын жайлаған меркіттер Дешті-Қыпшақ даласына қашады. 2016 жылы Ырғыз өзенінің бойында Жошы бастаған әскер меркіттерді тас-талқан етіп жеңеді. Дешті-Қыпшақ арасына тарыдай шашыраған меркіттер Қазақ хандығы тұсында Орта жүздегі Абақ бірлестігінің құрамына кіреді [7, 76].

Ежелгі жауды ерен күшімен жеңген Жошының ерлігі бауырлары тарапынан мойындалмады, керісінше, оның дүниеге келмей жатып меркіт тұтқынында болуы бетіне салық болып басылды. Орта ғасырлық «Моңғолдың құпия шежіресінде» Шыңғыс көзі тірісінде өзі өткен соң тақ мұрагерлігін белгілеу мақсатында балаларын жинап кеңес өткізген оқиғасы баяндалады. Сол кеңес үстінде Шыңғыс Жошының пікірін білмек болғанда Шағатай: «Жошыға сөз сөйле деп, оны неге нұсқағалы отырсың? Біз меркіттің қоқсығына бағынбақпыз ба?», – деп шарт кетеді [5, 177].



Бұған қоса Жошы өзіне тиесілі Дешті-Қыпшақ даласында орталыққа бағына бермейтін саясат жүргізеді. XIII ғасырда өмір сүрген парсы тарихшысы Абу-Омар Минхадж-ад-дин Осман әл Джүзджанидың «Табакат-и-Насири» еңбегінде әке мен бала араздығы туралы мынадай жолдар өрнектелген: «Туши (Жошы) был старший сын Чингиз-хана. Он был чрезвычайно храбр, отважен, мужествен и воинствен. Мощь его доходила до того, что сам отец боялся его. Когда Туши, старший сын Чингиз-хана, увидел воздух и воду Кипчакской земли, то он нашел, что во всем мире не может быть земли приятнее этой, воздуха лучше этого, воды слаще этой, лугов и пастбищ обширнее этих. В ум его стало проникать желание восстать против отца; он сказал своим приближенным: «Чингиз-хан сошел с ума, что губит столько народа и разрушает столько царства. Мне кажется, наиболее целесообразным умертвить отца на охоте, сблизится с султаном Мухаммедом, привести это государство в цветущее состояние и оказать помощь мусульманам. ...Когда он, вследствие замысла против отца, переселился из мира сего, то после него осталось много сыновей» [1, 13-15].

Зерттеушілердің пайымынша, парсы тарихшысы әл Джүзджани – моңғол билігіне қарсы болған кісі. Моңғол билігін қатты сынаған келесі бір парсы тарихшысы Джувейнидің еңбегінде Жошының қайтқаны туралы мынадай дерек тіркелген: «Года Туши, старший сын Чингиз-хана, прибыл к нему, к пределам Кулан-баши, и оттуда ушел назад, настал (для него) заповедный срок» [1, 21].

Ал моңғол билігін мойындаған тарихшылардың туындыларында, керісінше, Шыңғыс пен Жошы арасында болған кикілжіңдердің тігісін жапсырып отыруға ұмтылады. XIV ғасырда Иранда билік құрған Шыңғыс әулетіне қызмет еткен Рашид-ад-диннің «Жами ат-тауарих» еңбегіндегі деректер Жошы мен Шыңғыс арасында ашық болмаса да кейбір келіспеушіліктер болғандығын, сол үшін хан оны жазаламақ болғанын, бірақ Жошы сырқаттанып қайтыс болғандығын баяндайды: «Бірде Шыңғыс белгілеген жорық бағытына бармай, өз дегенімен кеткен Жошының іс-әрекетіне ашуланған қаған: «Мен оны кешірмеймін, өлімге бұйырамын» деп қаһарын төгеді. Осы уақыттарда Жошы аурауға шалдығады. Шыңғыс бірнеше рет оны өзіне шақырады, бірақ ол өзінің сырқатына байланысты келе алмайды, ол үшін әкесінен кешірім де сұрайды. Бір күні маңғыт руының бір кісісі Жошы жұртынан Шыңғыс ханға келеді. Бұл уақытта науқас Жошы жұрттан-жұртқа көшіп жүріп, өзі әдетте аң аулайтын тауға келеді. Жошының сырқаты артып, аңға өзінің әмірлерін аттандырады. Әлгі маңғыт кісі аңға жиналған жұртты көріп, оның арасында Жошы да бар деп ойлайды. Ол Шыңғыс ханға келгенде, хан одан Жошының сырқаты туралы сұрады. Ол оған: «Оның неден сырқат екенін білмеймін, бірақ ол әлдебір тауда аңшылықта жүр», - дейді. Мұны естіген Шыңғыс хан «Жошы менің сөзіме құлақ аспады» деп ашу жалынына оранып, былай дейді: «Мынадай іс істеп жүрген Жошы ақылдан адасты» деп, оны жазалау үшін Шағатай мен Үгедейге әскердің алдына жүріп, Жошының жұртына бет алуға бұйырады. Өзі артынан шықпақ болады. Осы уақытта Жошы өлді деген хабар жетеді» [1, 64-65].

Келтірілген тарихи жазбадан мынадай түйін жасауға болады:

1. Жошы Шыңғыстың бұйрығын орындай бермегендіктен, бірде қаһарланған Шыңғыс хан Жошыға кешірім жоқ, өлімге бұйырамын деп оқталады;
2. Хан ордасына «сырқатын» сылтау етіп келмей қойған Жошы әлдебір тауда аң аулап жүр деген жалған хабар ханға жетеді;
3. Жошыны жазалауға Шыңғыс хан әскер шығарады, өзі артынан шықпақшы болады, бірақ сол кезде Жошы қайтыс болды деген хабар келеді.

XIII ғасырда, Шыңғыс заманында өмір сүрген аталмыш жазбалардан моңғол билігіне қарсы тарихшының еңбегінен әке мен бала арасында ашық араздық болып, оның ақыры Жошының өліміне әкелгендігін байқасақ, Шыңғыс әулетін жақтаушы кейінгі тарихшылар еңбегінен әке мен бала арасында араздық болғанымен, әкенің балаға құрметі ерекше еді деген баяндауларды байқаймыз.

«Шаджарат аль-атрак»-тың авторының оқиғаны баяндауы оның өзіне дейінгі тарихи-шежірелік туындылармен таныс болғандығын байқатады. Сөйтіп ол жұмбақ жағдайда

қайтыс болған Жошы оқиғасын арқау ететін түркілік аңызды ұсынады. Онда Шыңғыс хан баласын аса қатты құрметтегенін, баласы туралы жаманат хабар болмағанын қалаған және оның өліміне қатты қайғырған билеуші ретінде бейнеленеді. Шексіз билікке ие Шыңғыс хан қарапайым кісіге тән өкіну, қайғыру сынды қасиеттерге ие кісі болып суреттеледі.

Қазақ арасындағы жыр-аңыз үлгісіндегі нұсқа түркілік нарративтік шығармадағы Жошының өлімі ханға ауыр тиген деген мазмұнды ғана арқау еткен және оны құлан аулап жүргенде қапыда қайтыс болғанын аңыздайды. Бұл жерде аңызды айтушыларға «Жошы Құланбасы деген жерде әкесімен кездескеннен кейін қайтыс болды» [1, 21] деген парсы тілді жазба дерек те мәлім болса керек.

«Дала уалаятының газетіне» фольклоршы Отыншы Әлжанов тарапынан жарияланған «Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз» деген жыр-аңызда Шыңғыс ханды Алаша хан. Ол Жошы туралы жаманат хабарды жеткізушінің көмейіне қорғасын құямын деген жарлық шығарады. Ал ханға қазаны тұспалды жыр жолдарымен естірткен Ұлық Жыршыны ақын әрі күйші Кетбұға ауыстырған. Аңыз мазмұны бойынша, Жошы - Алаша ханның сүйікті баласы. Күресте, мергендікте ешкімге дес бермейді. Бір күні Алаша Бетпақдалаға аңға шығады. Алаша нөкерлеріне: «Жошы ханның құғында қасынан қалмай, күтіп жүріңдер, жазым болмасын. Егерде бір жаманшылық бола қалса, бәріңе де жаман болады. Кім, балаң жазым болды деп айтса, соның аузына еріткен қорғасын құямын» деп. Жошы хан аңды көп алған сайын қызыға берді. Бір күні бір аңды қуып, жолдастарынан көп озып кетті. Алдындағы қуып келе жатқан құланы өзге бір үйір құланға садақ атып еді, олар қашпады, қайта өзіне ұмтылып, басып-жаншып, тістеп, өлтіріп кетіпті. Жалғыз бір шынашағы сау қалыпты. Өзгесін аң жеп кетіпті. Жошы ханның жолдастары артынан ізіменен келіп, сүйегін жинаған екен, жалғыз шынашағынан басқасын таба алмапты. Бұл шынашықты бір жібек бұйымға орап алып, нөкерлері елге келіп, ешқайсысы Алаша ханға айтуға батпапты. Сол уақытта Кетбұға деген Алаша ханның жақсы көретін ақыны бар екен, қарт екен. Кетбұға Жошы ханның өлгенін есітірмекші болды. Домбырасын алып, сұраусыз ханның үйіне кіріп келіп айтты:

– Құдай тағаланың рахметі жаусын саған, һәм сенің қол астыңдағы барлық жанға, бұлардың тыныштығын тілеймін, – дейді.

– Саған не керек? – деп бұдан Алаша хан сұрады.

– Тақсыр хан, сенің қуанышың – менің қуанышым, сенің қайғың – менің қайғым, – деді Кетбұға. Мен бүгін бір жаман түс көрдім, менің қайғым қатты, жүрегім жарылып бара жатыр. Сол себепті үйіңе рұқсатсыз кіріп келдім жалғыз-ақ саған басқа түскен қайғымды айтуға. Басымда не қайғы түскенін айтпаймын, бұл турадан менің домбырам айтсын, – деді Кетбұға.

Домбыраның шегін күйге түзеп алып, Кетбұға тарта бастады. Мұның ұзын саусағы домбыраның бетін тарсылдатып, шегін зырылдатып сөйлетіп, әр түрлі мұңды күй тарта бастады. Алаша хан құлағын салып, тартылған мұңды күйді есітіп отырып айтты:

– Не себептен сен маған мұндай зарлы күйлерді тартасың? – деп.

– Басыма бір қайғылы күн туды, тақсыр хан! – деп, домбырашы қысқа жауап берді де, тоқтамастан домбырасын шерте берді, зарлы күйге салып.

– Бұл не ғажап!? – деп Алаша хан айтты: – Япырмай, менің Жошы ханым бірдене болып қалды ма, мұны аң жеп қойды ма?.

– Тақсыр хан, Жошының өлгенін жалғыз өзіңізден естідік, – деп, үйдің сыртында халық шулап қоя берді.

Бұл хабар сондай жаман хабар болды, хан Жошы баласының өлгенін есітіп, талып қалды. Жиылған халық ханды су бүркіп, тұрғызып алды. Есін жиып алып, Алаша хан зарлап жылады. «Жошы, Жошы! қайдасың, жалғызым» деп... Мұның екі көзінен бұлақтай болып жас ақты. Еш адам үйге кіріп, ханды уатуға бата алмады [8, 397-399].

Домбырада тартылатын күй сарынында құланның айғыры үйірді аңшыдан аман алып қалу үшін алдаусыратып ақсақ болып қашып, айдалаға ұзап шыққаннан кейін Жошыға қарсы шауып оны шайнап (кейде таптап) өлтіреді.

Сондай-ақ, фольклорлық туындыларда Кетбұғаның:

Домбыраның балаңды  
Естірткені осы, хан!  
Өзгеге артпа жалаңды,  
Еліктірген балаңды,  
Сол қу құлан, ту құлан,  
Балаң өлді – Жошы хан,

Нансайшы, ханым, осыған! – деген жыр жолдарымен аяқтайтын аңыз нұсқасы бар. Хан қазаны естіртуші домбыраға қорғасын құюды бұйырады. Домбыра бетінің ойық болуы содан қалыпты [9, 148].

Жошының ажалы құланнан келді деп әңгімелейтін аңыз қырғыз халқының арасында да бар. Оны кезінде Ш.Уәлиханов жазып алған еді. Аңызда ерте заманнан бері хан-сұлтандар билігінсіз өмір сүріп келе жатқан қырғыздар Жәнібек ханнан оның кішкентай баласы Жошыны хан ету үшін арнайы елші жіберіп сұратады. Өз келісімін берген хан баласы Жошыны ашамай ерге отырғызып, елшілермен аттандырады. Жолда жас хан құлан үйіріне кездесіп, оны ауламақ болып жүріп қайтыс болады [10, 48].

Ендігі бір аңыздар тобында Жошы өлмейді, ол ақсақ құланды қуалап жүріп ғайып болып кетеді. «Шыңғыстың үлкен ұлы – Жошы хан. Ақсақ құлан – Жошы хан, жоқтау айттым осыған» деген тақпақ қазақта мәшһүр. Жошы аңға шығып, бір жабайы құланды аяғынан ақсатып, оны ұстаймын деп қуып, достарынан озып, ғайып болып кетеді [11, 97].

Жошы туралы әңгіме кейбір топонимикалық аңыздардың дүниеге келуіне арқау болады. Айталық, аңыздың кейбір нұсқасында жабайы құлан үйіріне қосылып ғайып боп кеткен баласынан айырылып қалатын кісі – Жошы ханның өзі. Оның баласы құланға айналып кетеді. Оны ұстау үшін Жошы ұзынан ұзақ созылған ор қаздырады. Орға жабайы құландарды қуып апарып баласын ұстамақ болады. Құландарды орға жығу кезінде бір ақсақ құлан құлынымен құтылып кетеді. Құлын Жошының баласы екен. Баласын қанша іздесе де таба алмайды. Ол жоғалған кезде атының ері алтыннан екен. Сол ерді бір таудың асуынан тауып алады. Содан ол «Алтынемел» атанып кетеді. Емел қалмақ тілінде «аттың ері» дегенді білдіреді екен [12, 222–225].

Алтынемелге жақын жердегі «Темірланның оры» деген жер де осы аңызбен байланыстырылады [13, 163–164].

Түйіндей тарқатқанда, Жошының өлімі туралы аңыздардың шындық сарынын айқындап тұрған тұсы – тарихи жазбаларда айтылатындай, Жошының тауда аң аулауы, сонымен қатар оның аң аулаған кеңістігінің белгіленуі (Ұлытау). Орталық Қазақстандағы Ұлытауда Жошының бейіті бар. Бұл штрихтар қазақ аңыздарының тарихилығын күшейтеді. Бұл – бір.

Екіншіден, қайғылы оқиғаның орын алуына арқау болып тұрған басты сюжет – кейіпкердің аңшылық құрып жүріп, тосыннан қайтыс болуы. Аңшылық көшпелілер тіршілігіндегі маңызды орын алды. Олар оны тұрмыстағы кәсіп, тіршілік көзі ретінде де және соғысқа дайындық есебінде де тұтынған. Шыңғыс пен оның балалары да осы ата кәсіпті-аңшылықты машық еткен еді. Түркі-қазақ аңыздары Жошының өлімін шындыққа жанасатын оқиға арқылы жеткізуге ұмтылады. Ол көрініс – аң аулау. Бұл сарын фольклорлық шығармаларда, эпостық жырларда, ертегілерде тұрақты кездеседі.

Үшіншіден, тұрақты сюжетке таңылған кейіпкерлер қатары бірнешеу. Олар: Шыңғыс, Алаша, Темірлан. Әр заманда, әр кезеңде өмір сүрген бұл тарихи тұлғалардың бір оқиғаның маңына шоғырлануы, соған қатысуы – фольклорлық анахронизмнің белгісі. Анахронизм, яғни оқиғаның хронологиялық тұрғыдан ала-құлалығы, түрлі жамау, қоспалар қосылуы – фольклорлық шығарманың басты сипаттарының бірі.

Төртіншіден, құлан аулап жүрген Жошының ғайып болып кетуі. Көне мифтік түсініктегі құбылу сарынына (метаморфоза) негізделген бұл сарында жұмбақ жағдайда қайтыс болған Жошы оқиғасы тылсым құдіретке бағаланады. Тылсымның сыры – Тәңірге ғана аян. Тәңірінің бұйрығы – талданбайды, «Жазымыштан озымыш жоқ» дейді халық танымы.

Қазақ арасындағы Жошы ханның өлімі туралы жыр-аңыз негізінен аңшылық үстінде орын алған оқиғаны баяндауға құрылмаған, ол сол оқиғадан алатын ғибраттық тағылымды, өнегені насихаттауға бағытталған. Мұнда болған оқиғаның жай-жапсарын жеткізуден гөрі, өнер иесінің құдіреті мен өмірде орын алатын мәңгілік сұрақтарға жауап беру және тағдырдың жазғанына көнбеген Шыңғыстың қатал мінезін сынау сынды сарындар орын алған. Жошы өлімін сезген қаһарлы ханның басқа түскен жазымыш ісіне мойымай, баласының өлімі туралы жаманат хабарды жеткізген кісіні жазаламақ болуы – «жазымыштан озымыш жоқ» деп ұғынатын мұсылмандық діни танымға қайшы келетін әрекет.

Мұсылмандық діни таным бойынша, Алладан бұйрық болған ажалға хан да, қараша да мойынұсынуы қажет, яғни қаза – ханға да, қарашаға да ортақ. Қазаның қалауына жер бетінде кедергі келтірер күш жоқ. Қазақ арасында бұл таным «әкесі өлгенде де естіртеді» деген мәтел сөзбен сақталған.

Қаһарлы ханға халық қиялындағы ықпал етер оңтайлы тұс – қазаны естірту. Естірту – жоқтау ғұрпының ажырамас бөлігі. Естірту арқылы халық қиялы өзінің билікке тигізер ықпалын да білдіргісі келеді. Естіртуден кейін орындалатын ғұрып – жоқтау. Аңызда естірту мен жоқтау қатар сақталған. Аңыздар мазмұнындағы «Ақсақ құлан – Жошы хан, жоқтау айттым осыған» деген жолдар осыны білдіреді. Бір сөзбен айтқанда абсолюттік билік иесі ханды қарапайым өнер иесінің тапқырлықпен тосылдыру – билік тұтқасын ұстаған кісілер халықпен санасуы тиіс деген саяси танымға арқау болған халықтың аңсары. Жошы өлімін естіртіп және оны жоқтаған фольклорлық туындының бірі – күй.

Мұнда Шыңғыс ханға Жошының қазасы, ханның қайғысы күй тілімен жеткізіледі. Күйдің сазына қатысты айтылатын аңыз «Ақсақ құлан-Жошы хан» деп аталады. Аталмыш өнер туындысының басты бір ерекшелігі – әуен сазымен аңыз оқиғасының желісін жеткізу және тағдырдың салғанына көнбей отырған қатал Шыңғысты жырдың немесе күйдің құдіреті арқылы өз шешімін өзіне қарама-қарсы келтіруге мәжбүрлеген өнерпаздың бейнесінің ардақталуы. Халыққа әлемді жаулап алған тағдырдың салғанына көнгісі келмейтін қаһарлы әміршінің бейнесі емес, ел басына ауыр сын түскенде (бұл тұста Шыңғыстың Жошы өлімін естіртпеуі туралы жарлығы) тығырықтан шығар жол тапқан қарапайым өнер иесінің (жыршы, күйші) бейнесі ыстық.

Жошы өлімін естірткен жыршы бейнесі Қазақ хандығы тұсындағы жыраулық поэзияда ерекше көрініс тапты. Айталық, Абылай ханға атақты Қанжығалы Бөгенбай батырдың өлімін бірнеше жыраудың (Бұқар, Үмбетей) естірту айтқанын атап өтуге болады.

Бірнеше ханды көрген, беделді Бұқар жыраудың қазаны естіртуі Кетбұға толғаған жырдай тұспалдап сөйлеуден басталады:

Қазақтың ханы Абылай!  
Ақиықты аспанға  
Ұшпастай ғып торлады,  
Құлағанға ұқсайды  
Қазақтың қамал қорғаны.  
Қайғырмаңыз, ханзадам,  
Айтпасыма болмады  
Батырың өтті Бөгембай [14, 99].

Жыраудың естіртуі мен көңіл сұрауында халықтың ел қорғаны батырлар мен Абылай ханның қызметіне берілген баға байқалады. Бұған қоса халық дүниетанымының ізі көрінеді: ханға ауыр тиер қайғыны онымен бірге халық өкілі де бөлісуі қажет.

Ал Үмбетей жыраудың естіртуінде қазаны тұспалдап жеткізудің орнын ханның басынан өткен оқиғаларды жырлау алған. Жырау Абылайдың жастық шағынан бастап басынан өткізген елеулі істер мен оқиғаларды жырлай келе, Бөгембай батырдың дүниеден өткендігін жеткізеді, қазаға көңіл айтады:

Көзіңнің жасын тыя көр,  
Жақсылық бата қыла көр,



Тағы да талай бақ берсін,  
Балаңа алтын тақ берсін,  
Бөгембайдай жас берсін,  
Өлшеусіз мал мен бас берсін [14, 80].

Жыраулардың естіртуінде батырлардың хандық қоғамда алар орны ерекше екені, бұл қайғы халыққа да, ханға да ауыр тигені айтылады. Ханға батырлардың халық үшін атқарған еңбегі ерекше екені ескертіледі.

Ел арасынан шыққан қарапайым өнерпаз немесе данышпан кісіні ардақтайтын халықтық эстетикалық таным ХІХ ғасырда өмір сүрген ұлы Абайдың шығармашылығына да арқау болды. Ақынның «Ескендір» поэмасында да әлемді жаулап алушы Ескендірдің бейнесі ардақталмай, қарапайым ақыл иесі Аристотельдің бейнесі асқақтатылады және Абайдың атақты «Ғақлияларында» да асыл текті емес, талантты кісіні ардақтайтын «Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық» деген афоризмнің орын алуы да кездейсоқтық емес еді.

Жошы хан – қазақ тарихындағы маңызды тұлға. Ол туралы аңыздың халық жадында сақталып, бүгінге жетуінің өзі осыны дәлелдей түседі. Жошы билігіндегі кезең – ұлт тарихының маңызды бөлігі. Тарихшылар бұл туралы арғы-бергі тарихи мәліметтерге жүгіне отырып, құнды зерттеулер жасады. «Жошы Ұлысы тарихы әрдайым тарих мамандарының, біздің елімізде, шет елде де қоғам назарындағы тақырыптардың бірі болып табылады. Қазіргі Қазақстанның символикалық ата-бабасы ретінде Жошы Ұлысын таңдау Қазақстандағы халықтың түрлі топтары үшін тиімді. Қазақстан қоғамының ұлттық-патриоттық бөлігі ретінде Жошы Ұлысы ұлттық мақтаныштың нақты негізіне айналады», – деп түйіндейді зерттеу мақаласын жас ізденуші А.Шакиева [15, 137]. Жошының аңыз кейіпкеріне айналып, ұлттың рухани жадында сақталуы бұл пікірді бекіте түседі.

Жалпы, тарихи тұлғалар туралы аңыздар елдік мұратты танытуға қызмет етеді. Тарих пен аңыз арасындағы байланыс туралы еңбектерде бұл туралы дәйекті тұжырымдар жасалған. «The theme of protection of country, peacefulness and heroism, which occupies a central place in folk model, has become the basis of written fiction. The large literary works in the world literature have made the famous historical figures, who united nomadic tribes, created a large state, fought for strengthening, development and protection of the state, the protagonists or just ordinary heroes» (қазақша мазмұны: «Халықтық фольклорда бастық орын алатын елді қорғау, бейбітшілік пен ерлік тақырыбы жазбаша көркем әдебиеттің негізіне айналды. Әлем әдебиетіндегі ірі әдеби шығармалар көшпелі тайпаларды біріктірген, үлкен мемлекет құрған, мемлекетті нығайту, дамыту және қорғау үшін күрескен атақты тарихи тұлғаларды, басты кейіпкерлерді немесе жай ғана қарапайым батырлардың тұлғасын сомдады» [16, 383], – деген пікірге назар аударсақ, сондай санаттағы тұлғалардың бірегейі Жошы хан. Жошы туралы аңыздар қазіргі сөз өнері туындыларына да арқау болуда.

### Қорытынды

«Ақсақ құлан – Жошы хан» аңызында Шыңғыс хан тұсында болған тарихи оқиғалардың нақты тарихы көмескіленіп, оның орнына фольклорлық шығармаға тән көркемдік айшықтары артып, тарихи тұлғаның аңыздық бейнесі айқындалған. Сөз өнері мен күй өнерін тоғысып, тарихи тұлғаны, оның айналасындағы оқиғаны түрлендірген. Мұнар торлаған аңыз сұлбасына халықтың қатал әміршіге деген көзқарасы, қаза ғұрпына деген түсінігі турасындағы танымдар арқау болған. Мұнда тарихи аңыздың хабарлық-деректік сипаты бәсеңдеп, оның орнын өнердің құдіретін бағалаған эстетикалық таным мен ғибраттық мазмұн еңсерген. Өнер құдіреті туралы эстетикалық танымдар Қазақ хандығының тұсындағы қазақ жыраулық поэзиясының үздік үлгілеріне, содан кейін жазба әдебиетіне көркемдік дәстүр сабақтастығы негізінде ұласып отырды. Шыңғыс ханға Жошының өлімін ескерткен Ұлық Түрік жыршының бейнесі Қазақ хандығында Бұқар, Үмбетей жыраулардың бейнесімен сабақтасады.

*\*Мақала 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (BR 18574101).*

### Әдебиеттер тізімі

1. Тизенгаузен В. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды (Извлечения из персидских сочинений собранные В.Г.Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем С.Л.Волиным). т. II. – Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1941. – 307 с.
2. Жолдасбеков М. Асыл арналар: әдеби зерттеулер/ М.Жолдасбеков. –Алматы: Жазушы 1990. –352 б.
3. Кичиков А. Ш. Героический эпос «Джангар»: Сравнительно-типологическое исследование памятника / А.Ш.Кичиков. – Москва: Наука, 1992. – 318 с.
4. Absadyk A., Matyzyhanov K., Ispandiyarova A., Mukhitov K. Nickname Traditions And Turkic Folklore //Journal of Namibian Studies, 34(2023): 3241-3255 [Electr. recourse] – Available at: <https://namibian-studies.com/index.php/JNS/article/view/1798> (accessed 20.05.2022)
5. Сұлтаняұлы М. Моңғолдың құпия шежіресі (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі). / Ауд.-М. Сұлтаняұлы. – Алматы: Өнер, 1998. – 222 б.
6. Әбілғазы Н. Түрік шежіресі/ Әбілғазы Н. – Алматы: Ана тілі, 1992.–208 б.
7. Султанов Т.И. К истографии этнополитической истории улусов Джучи и Чагатая // Золотоордынские обозрение. - 2017. – Т.5. – №1. – 74-92 с.
8. Дала уалаятының газеті (1895-1898). –Алматы: Ғылым, 1990. – 626 б.
9. Сейдімбек А. Күй шежіре/ Сейдімбек А. –Алматы: КРАМДС-Яссауи, 1992. – 488 б.
10. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинения в пяти томах/ Валиханов Ч.Ч.– Алма-Ата: Гл. редакция Казахской советской энциклопедии Том II. 1985. – 416 с.
11. Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих) /Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. –Алматы: Қазақстан,1992. –304 б.
12. Известия общества археологии и этнографии. – Москва, 1901. Т. XVII. Вып. 4.
13. Дала уалаятының газеті. –Алматы: Ғылым, 1992. –576 б.
14. Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық /Құрастырғандар М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989.-Т.1. – 384 б.
15. Шакиева А. Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі Жошы Ұлысы тарихының зерттелуі // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. – 2022. – № 1(138). – Б.126-141.
16. Turysbek R., Mirzakhmetov A., Sarekenova K., Baytanasova K., Aimukhambet Zh. The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of statehood// ASTRA Salvensis. - 2021. - №1. - P.383-393. [Electr.recourse] – Available at: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107062588&origin=resultslist> (accessed 20.05.2023).

**А.А. Абсадық, М. Мұратқызы**

*Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынова,  
Костанай, Казахстан*

### **Предания «Аксак кулан - Жошы хан»: историзм, художественность и преемственность традиций**

**Аннотация.** Одним из хронологических периодов казахского фольклора является эпоха Чингис хана. Сохранился богатый пласт фольклорного наследия, истоки которого берут начало со времен Чингис хана. Одним из таких наследий является предание «Аксак Кулан – Джучи хан».

Исторической основой предания послужил случай из жизни Чингис хана. Его старший сын Джучи загадочным образом умер раньше своего отца. О его смерти уже в те времена слагали легенды, некоторые из них вошли в персидско-тюркские нарративные произведения, где повествовалась

история жизни Чингис хана. Одна из таких версий зафиксирована в анонимном труде «Шаджарат аль-тарк». В нем повествователем хану о печальной вести является Улык Жыршы (Великий поэт). Казахские версии предании зафиксированы в записях известных собирателей фольклора, таких, как Ч.Валиханов, Машхур Жусуп Купеев в XIX веке, Отыншы Альжанов в начале XX века. На сегодняшний день актуальным является сравнительное изучение средневекового тюркского варианта с версиями более позднего времени, зафиксированных в письменных источниках.

Предания о смерти Джучи хана в средневековом и казахском фольклоре призваны повествовать не детали и факты о событиях, произошедших во время охоты Джучи хана, а направлены на то, что необходимо повиноваться судьбе, созданной Всевышним. Протестовать против несправедливого решения хана, обладавшего абсолютной властью с помощью изобретательности художника и силы искусства – это мечта и чаяния народа, основанные на утопических идеях народа. В статье проанализированы данные вопросы и сделаны соответствующие выводы.

**Ключевые слова:** Чингисхан, Джучи, обряд, фольклор, предания.

**A.A. Absadyk, M. Muratkyzy**

*Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan*

### **Legends of «Aksak kulan - Zhoshy khan»: historicism, artistic features and traditions**

**Abstract.** One of the chronological periods of Kazakh folklore is the era of Genghis Khan, leaving a rich legacy in the form of the legend “Aksak Kulan – Juchi Khan.”

The legend is based on real events from Genghis Khan’s life, specifically the death of his eldest son Juchi. Legends about this incident found their way into Persian-Turkic narrative works, such as “Shajarat al-tark.” Kazakh versions are recorded in the writings of folklore collectors like Ch. Valikhanov, M. Zh. Kupeev, and O. Alzhanov.

The legends about Juchi Khan’s death in medieval and Kazakh folklore aim are not intended to tell details of the events during Duke Khan’s hunt but rather to emphasize the need to obey fate, created by the Almighty. Instead of detailing the events in songs, there is a predominant critique of Genghis Khan’s stern character and an elevation of the art of the akyn (singer-poet) and musician. Protesting against the unjust decision of a ruler with absolute power through the ingenuity of an artist and the power of art is the dream and aspiration of the people, based on utopian ideas. The article analyzes these issues and draws the appropriate conclusions.

**Keywords:** Genghis Khan, Juchi, ritual, folklore, legends.

### **References**

1. Tizengauzen V. Sbornik materialov odnosyashchihsya k istorii Zolotoj Ordy (Iz vlecheniya iz persidskih sochinenij sobrannye V.G.Tizengauzenom i obrabotannye A.A. Romaskevichem i S.L.Volinym). T.II. [Collection of materials related to the history of the Golden Horde (Extracts from Persian works collected by V.G. Tizengauzen and processed by A.A. Romaskevich and S.L. Volin).] (USSR Science Academy, Moscow-Leningrad, 1941, 307 p.) [in Russian].
2. Zholdasbekov M. Asyl arnalar: adebi zertteuler [Noble channels: literary studies]. (Zhazushy, Almaty, 1990, 352 p.) [in Kazakh].
3. Kichikov A. SH. Geroicheskiy epos «Dzhangar»: Sravnitel’no-tipologicheskoe issledovanie pamyatnika [Heroic epic “Dzhangar”: Comparative typological study of the monument]. (Nauka, Moscow, 1992, 318 p.) [in Russian].
4. Absadyk A. Nickname Traditions And Turkic Folklore, Journal of Namibian Studies, 34, 3241-3255 (2023). [Electr.recourse] – Available at: <https://namibian-studies.com/index.php/JNS/article/view/1798> (accessed 20.05.2023)
5. Sultaniyaulы M. Mongoldyn kupiya shezhiresi (XII-XIII gasyrlardagy koshpeliler shezhiresi) [The secret chronicle of Mongolia (chronology of nomads in the 12th-13th centuries)] (Oner, Almaty, 1998, 222 p.) [in Kazakh].
6. Abilgazy N. Turik shezhiresi [Turkish Chronicle]. (Ana tili, Almaty, 1992, 208 p.) [in Kazakh].
7. Sultanov T.I. On the histography of the ethnopolitical history of the uluses of Jochi and Chagatai, Golden Horde review, T.5, №1, 74-92 (2017) [in Russian].
8. Dala ualayatynyn gazetі (1895-1898) [Newspaper of Dala province (1895-1898)]. (Gylym, Almaty, 1990, 626 p.) [in Kazakh].

9. Seidimbek A. Kuy shezhire [Kui genealogy]. (KRAMDS-Yassau, Almaty, 1992, 488 p.) [in Kazakh].
10. Valikhanov Ch. Sobranie sochinenii v pyati tomah. Tom II [Collected essays in five volumes. Vol.5]. (Chief Kazakh Soviet Encyclopedia Publishing House, Almaty 1985, 416 p.) [in Russian].
11. Halid K. Tauarih hamsa [Tawarih hamsa] (Kazakhstan, Almaty, 1992, 304 p.) [in Kazakh].
12. Izvestiya obshchestva arheologii i etnografii. [News of the Society of Archeology and Ethnography]. Vol. XVII, No. 4 (Moscow, 1901) [in Russian].
13. Dala ualayatyryn gazeti (Gylm, Almaty, 1992, 576 p.) [in Kazakh].
14. Bes gasyr zhyrlaidy: 2 tomlyk. T.1. [The story of five centuries: In 2 Volumes. V.1.]. (Zhazushy, Almaty, 1989, 384 p.) [in Kazakh].
15. Shakieva A. Tauelsiz Kazakstan kezenindegi Zhoshy Ulysy tarihyryn zerttelui [Study of the history of Zhochi Ulysi during the period of independent Kazakhstan] // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. History. Philosophy. Religious Studies Series, № 1(138), 126-141 (2022) [in Kazakh].
16. Turyzbek R., Mirzakhmetov A., Sarekenova K., Baytanasova K., Aimukhambet Zh. The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of statehood, ASTRA Salvensis, 1, 383-393 (2021). [Electr.recourse] – Available at: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107062588 &origin=resultslist> (accessed 20.05.2023).

### Авторлар туралы мәлімет:

**Әбсадық А.А.** – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан.

**Мұратқызы М.** – филология магистрі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан.

**Абсадық А.А.** – автор для корреспонденции, доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынулы, Костанай, Казахстан.

**Муратқызы М.** – магистр филологии, Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтурсынулы, Костанай, Казахстан.

**Absadyk A.A.** – corresponding author, Doctor of Philology, Professor, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.

**Muratkyzy M.** – Master of Philology, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.



**Copyright:** © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).